

Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы



MNS-B39



R03A0009_01



4785026




1



↓
Health



2



3

Құрылғыны пайдаланбас бұрын <https://www.hihonor.com/global/support/> веб-сайтына кіріңіз де, іздеу жолына құрылғының атын енгізіп, Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы құжатының соңғы нұсқасын жүктеп алыңыз.



Health қосымшасын жүктеу

Health қосымшасын жүктеп, орнату үшін QR-кодты сканерлеңіз.

Жарылыс жұмыстары жүргізілетін орындар

Жарылыс жұмыстары жүргізілетін орындарда және дуплексті радиожабдықты немесе электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған аймақтарда ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны сөндіріңіз.

Жарылу қаупі ықтимал орта

Құрылғыны жанғыш және жарылғыш материалдарды сақтау орындарында қолдануға болмайды (мысалы, жанармай құю станцияларында, жанармай қоймаларында немесе химия кәсіпорындарында). Құрылғыны көрсетілген жағдайларда пайдалану жарылыс немесе өрт қаупін арттырады. Бұдан басқа, жарылғыш ортасы бар орынжайларда және аудандарда мәтін немесе белгілер түрінде берілген нұсқауларды орындаңыз. Құрылғыны жанғыш, газ тәрізді немесе жарылғыш заттары бар бір контейнерде сақтауға немесе тасымалдауға болмайды.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпарат

Құрылғыны пайдалану алдында қауіпсіздік техникасы туралы барлық ақпаратты мұқият оқып шығыңыз, оның қауіпсіз және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіңіз, сонымен қатар құрылғыны қалай дұрыс кәдеге жарату керектігін біліңіз.

Қауіпсіз пайдалану

- Есту мүшелеріне зақым келтірмеу мақсатында ұзақ уақыт бойы дыбыс қаттылығының деңгейі жоғары музыканы тыңдамаңыз.
- Мінсіз температура мәндері: -20°C -тан $+45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, қоршаған ауаның температурасы -20°C -ден $+70^{\circ}\text{C}$ -ге дейін болғанда.
- Құрылғы мен аккумулятор батареясының шамадан тыс қызып кетуіне және оларға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз. Құрылғыны және аккумулятор батареясын жылу көздеріне жақын қоймаңыз, мысалы қысқа толқынды пештің, тұмшапештің немесе радиатордың жанына. Құрылғыны бөлшектеуге, түрлендіруге немесе қысуға болмайды. Оған бөгде заттарды салмаңыз, оны сұйықтыққа батырмаңыз, оған шамадан тыс қысым түсірмеңіз, олай болмаған жағдайда тоқтың ағып кетуі, қызып кету, тұтану және тіпті жарылыс болуы мүмкін.
- Құрылғыда кіріктірілген алынбайтын аккумуляторлық батарея орнатылған. Оны өз бетіңізше алуға тырыспаңыз, әйтпесе сіз құрылғыны зақымдап алуыңыз мүмкін.
- Зарядтау кезінде құрылғы ең жақын штепсельдік розеткаға қосылуы керек және оған кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету керек.

- Осы құрылғының медициналық жабдықпен қауіпсіз өзара әрекеттесуі туралы мәселе бойынша емдеуші дәрігерге немесе жабдық өндірушісіне хабарласыңыз.
- Былғарыдан жасалған белдікшелері суға төзімді емес.
- Бұл өнім медициналық құрылғы ретінде жасалмаған, диагноз қоюға, бақылауға, емдеуге немесе аурудың алдын алуға арналмаған. Барлық деректер мен өлшеу нәтижелерін тек анықтама үшін пайдалануға болады.
- Егер сіз құрылғыны тағып жүрген кезде теріңізде қолайсыз әсер сезінсеңіз, оны шешіп, дәрігерге қаралыңыз.
- Зарядтаудың алдында зарядтау портын құрғатып сүртіңіз.
- Кейбір сымсыз құрылғылар жүрекширатқыштар мен есту аппараттарының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Толығырақ ақпарат үшін өз операторыңызға хабарласыңыз.
- Жүрекширатқыш өндірушілерінің ұсыныстарына сәйкес, кедергілерді болдырмас үшін сымсыз құрылғы мен жүрекширатқыш арасындағы минималды арақашықтық 15 см болуы тиіс.
- Құрылғыны пайдалану кезінде жергілікті заңдар мен ережелерді сақтаңыз. ЖКО-ның алдын алу үшін көлік жүргізу кезінде сымсыз құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғының компоненттеріне немесе ішкі схемаларына зақым келтірмеу үшін құрылғыны шаңды, түтінді, дымқыл немесе лас ортада немесе магнит өрістерін тудыратын заттардың жанында пайдаланбаңыз.

- Құрылғыны жанғыш және жарылғыш материалдарды сақтау орындарында қолдануға болмайды (мысалы, жанармай құю станцияларында, жанармай қоймаларында немесе химия кәсіпорындарында) немесе құрылғыны жарылғыш материалдармен бірге сақтауға және тасымалдауға болмайды. Құрылғыны көрсетілген жағдайларда пайдалану жарылыс немесе өрт қаупін арттырады.
- Аккумулятор батареясы ағып кеткен жағдайда электролиттің теріге және көзге түсуіне жол бермеңіз. Электролит теріге немесе көзге тиген жағдайда, оларды дереу таза сумен шайыңыз және мүмкіндігінше тезірек медициналық көмекке жүгініңіз.
- Зарядтау кезінде құрылғы ең жақын штепсельдік розеткаға қосылуы керек және оған кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету керек. Зарядтау құрылғысын қуат көзінен және оны пайдаланбаған кезде берілген құрылғыдан ажыратыңыз.
- Балаларға құрылғыны тек ересектердің бақылауымен пайдалану ұсынылады.
- Осы құрылғының медициналық жабдықпен қауіпсіз өзара әрекеттесуі туралы мәселе бойынша емдеуші дәрігерге немесе жабдық өндірушісіне хабарласыңыз.
- Ауруханаларда, емханаларда және медициналық мекемелерде сымсыз құрылғыларды өшіру керек. Бұл талап сезімтал медициналық жабдықтың жұмысына кедергі келтіруді болдырмауға бағытталған.

- Қуат адаптері IEC60950-1/EN60950-1/UL60950-1 стандартының 2.5-тармағының талаптарына сәйкес келетініне және ұлттық немесе аймақтық стандарттарға сәйкес тексеріліп, сертификатталғанына көз жеткізіңіз.

Кәдеге жарату бойынша нұсқаулар



Құрылғыдағы, батареядағы, нұсқаулықтағы немесе қаптамадағы бұл таңба құрылғының өзі және оның батареясы қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін қала әкімшілігі белгілеген арнайы қабылдау пункттерінде кәдеге жаратылуы тиіс дегенді білдіреді. Осылайша электрондық және электр құрылғыларын кәдеге жарату ережелері, сондай-ақ ресурстарға ұқыпты қарау және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттары сақталады. Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті қалалық әкімшілікке, тұрмыстық қалдықтарды жою қызметіне немесе құрылғыны сатып алған бөлшек сауда дүкеніне хабарласыңыз немесе <https://www.hihonor.com/> веб-сайтына кіріңіз.

ЕО сәйкестік декларациясы

Мұнымен, Honor Device Co., Ltd. компаниясы, құрылғының Еуропа Кеңесінің 2014/53/EU Директивасының негізгі талаптарына және басқа ережелеріне сәйкес келетіндігін мәлімдейді. Сәйкестік декларациясының толық мәтінін және аксессуарлар мен бағдарламалық жасақтамасы туралы өзекті ақпаратты <https://www.hihonor.com/global/legal/certification/> веб-сайтынан қарап шығуға болады.

Радиожиілікті сәулелену

Бұл құрылғы төмен қуатты радио сигналдарын қабылдап-жібергіші болып табылады. Бұл құрылғы Еуропалық комиссия белгілеген радиожиілік диапазонындағы сәулеленудің шекті деңгейі бойынша халықаралық директиваларға сәйкес құрастырылған.

КО ТР сәйкес келеді

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі».

ЕАЭО ТР 037/2016 "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы"

Тағайындалуы

MNS-B39 үлгідегі HONOR MagicWatch 2 смарт-сағаты - Bluetooth арқылы ұялы телефонға қосылатын және деректермен алмасатын, тағып жүретін құрылғы.

Өндіруші, мекенжайы

Honor Device Co., Ltd.

Suite 3401, Unit A, Building 6, Shum Yip Sky

Park, No. 8089, Hongli West Road, Xiangmihu Street, Futian District,

Shenzhen, Guangdong, People's Republic of China

Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес уәкілетті тұлғаның (импорттаушы — егер партия) атауы және орналасқан жері

«Техкомпания ОНОР» ЖШҚ, Ресей Федерациясы, 121614, Мәскеу қ., Крылатская к-сі, 15-үй, 6-қабат.

Өндірілген ел

Қытай

Жеткізілім жиынтығы

Сағат - 1 дана

Зарядтау құрылғысы - 1 дана

Зарядтау кабелі - 1 дана

Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы - 1 дана

Кепілдік талоны - 1 дана.

БР импорттаушы (Тек Беларусь Республикасы үшін)

«Мобильные ТелеСистемы» БЖШҚ, Независимость даңғ., 95-4, Минск қ., 220043 Беларусь Республикасы, «А1» біртұтас кәсіпорыны, 220030, Беларусь Республикасы, Минск қ., Интернациональная к-сі, 36-2.

«БеСТ» ЖАҚ, Красноармейская, 24, Минск қ., 220030, Беларусь Республикасы

«ЭлкоТелеком» ЖШҚ, Логойский жолы 22а, 41-2, 220090, Минск қ., Беларусь Республикасы